

2023 жылдың мамыр айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Мамыр айының үшінші онкүндігінде республиканың солтүстік жартысының барлық астық себілетін аудандары жаздық дәнді дақылдарды себуді жалғастыруда, егістіктерді арамшөптерге қарсы гербицидтермен өндеген, дала жұмыстарының сапасы көбінесе жақсы. Дәнді дақылдардың өсуі мен дамуына орын алған жағдайлар қанағаттанарлық болған, жауын-шашын нормадан төмен жауған. Елдің шығысы мен оңтүстік-шығысында түнгі уақытта ауа температурасының минус 3°C дейін төмендеуі көктеу фазасындағы жаздық дәнді дақылдар үшін соншалықты қауіпті болмаған. Сонымен қатар, төмен температурада дәннің өнуі және көктеу процестері өте баяу жүреді.

Батыста (Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында) жаздық бидай егістіктерінің бақылау учаскелерінде «дәннің өнуі» - «түптену» фазасы байқалған, өсімдіктердің жағдайы тегіс жақсы, бидайдың биіктігі 11-19 см жеткен.

Солтүстікте ерте себілген егістіктерде «дәннің өнуі» - «көктеу» фазасы байқалған, жеке учаскелерде арамшөптерді гербицидтермен өндеу жүргізілген.

Еліміздің орталығында бақыланатын учаскелерде (Қарағанды және Ұлытау облыстарында) жаздық бидай егістіктерінде «дәннің өнуі» - «төменгі түйін сабағының пайда болуы» фазасы байқалған. Ерте себілген егістерде бидайдың биіктігі 13 см жетеді. Жаздық арпаның жағдайы тегіс өте жақсы.

Шығыста жаздық бидай дақылдарында «3-ші жапырақ» - «түптену» даму кезеңі байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 11-13 см жетеді, өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы. Өсімдіктердің биіктігі 11-13 см жеткен, өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жаздық бидайдың жағдайы жақсы, даму фазасы «дәннің өнуі» - «түтікке шығу», жаздық арпаның биіктігі 14-30 см жеткен. Жамбыл облысында жаздық арпада – «түптену» даму кезеңі байқалған. Өсімдіктердің биіктігі көбінесе 41-ден 53 см дейін болған. Түркістан облысының бақылау учаскелерінде жаздық арпа «дәннің сүттенуі» кезеңінде. Өсімдіктердің биіктігі 55-57 см жетеді, жағдайы жақсы.

Мамыр айының үшінші онкүндігінде күздік бидай себілген аудандарда өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар болды. Күздік бидай «масақтану» - «гүлдену» фазасында, өсімдіктердің биіктігі 34 - 75 см дейін болған. Талдықорған және Жансүгіров станцияларының маңайындағы егістіктерде бидайдың төменгі қабаты жапырақтарының сарғаюы байқалған, өсімдіктердің жеке органдары (10% - дан аз), жекел өсімдіктер (10% - дан аз), бақыланатын аймақтың 40-50% зақымдалған.

Қызылорда облысының Қазалы және Шиелі аудандарында күріштің жағдайы жақсы. Даму кезеңі «3-ші жапырақ», өсімдіктердің биіктігі 20 см жетеді, олар азотты тыңайтқыштарды енгізуге және күріш чектеріне су жіберуге кіріскен. Алматы және Жетісу облыстарында «көктеу» даму кезеңінде, учаскелерде күріш чектерінен су ағызылуда.

Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында алма бақтарында «жемістердің қалыптасуы» - «сабақтарының өсуінің соңы» даму кезеңдері

байқалған. Жеміс дақылдарының жағдайы (шие, алмұрт, алма ағашы) тегіс жақсы, алма ағашын химиялық өңдеуге және нәрлендіп суаруға кіріскен.

Көпжылдық шөптерде (жоңышқа, беде) «сабақтың өсуі» – «гүлшоғырлардың пайда болуы», кейбір жерлерде «гүлдену» кезеңі байқалған. Жоңышқа шөптерінің жағдайы жақсы. Түркістан облысында жоңышқаны вегетациялық суару, 1-ші шөп ору жалғасуда.

Жалпы, мамырдың 3 онкүндігінде қалыптасқан ауа-райы жайылымға қолайлы болған. Жайылымдық мал шаруашылығының басым аймағында көбінесе шымның құрғақ және дымқыл жағдайы байқалған.